

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ



Дәстүрлі Тәжібаев оқулары шеңберінде өткізілетін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 80-жылдығына арналған  
**«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПРАКТИКАЛЫҚ  
ПСИХОЛОГИЯНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ МЕН  
ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАСЫ»** тақырыбындағы  
Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ**

Международной научно-практической конференции  
**«ИСТОРИЯ ФОРМИРОВАНИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ  
РАЗВИТИЯ ПРАКТИЧЕСКОЙ ПСИХОЛОГИИ В  
КАЗАХСТАНЕ»**, посвященной 80-летию Казахского  
национального университета имени аль-Фараби  
в рамках традиционных ежегодных Тажибаевских чтений

**MATERIALS**

of International Research and Practical Conference  
**«HISTORY OF FORMATION AND PROSPECTS OF  
PRACTICAL PSYCHOLOGY DEVELOPMENT IN  
KAZAKHSTAN»** Dedicated to 80<sup>th</sup> Anniversary of Al-Farabi  
Kazakh National University within a frame of the traditional  
annual Tazhibaev's readings

Алматы  
27 ақпан 2014 ж.

CNT23FA007 L2698-00001

В данной статье авторы рассматривают роль родителей в воспитании детей и влияние изменений в обществе семьям, взаимоотношению в семье и в воспитании детей.

This article examines the role of parents in the upbringing of children and the impact of changes in society, families, relationships within the family and in the upbringing of children.

### ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ АТА-АНАНЫҢ ТӘРБИЕ БЕРУ СТИЛІН ҚАБЫЛДАУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ҚАЛЫПТАСАТЫН КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРДЫҢ ӘСЕРІ

*Тоқсанбаева Н.К.  
Аязбаева Б.Б.*

Адамның дамуы-күрделі процесс. Адамның дамуына табиғи және әлеуметтік орта ықпал жасайды. Некелік-отбасылық қатынас адамзаттың өзара қарым-қатынасында жетекші маңызға ие. Сондықтан жастарды бұл қарым-қатынасқа даярлау әрбір өркениетті қоғам үшін үлкен қызығу тудыратыны даусыз.

Отбасы-қоғамның маңызды бір бөлшегі. Тәжірибеге қарағанда, баланың психологиялық тұрғыдан қалыпты дамуы отбасында дұрыс қарым-қатынастың болуына, отбасы мүшелерінің бірін-бірі ұнатуына, құрметтеуіне, отбасында еңбектің дұрыс жолға қойылуына байланысты екенін көрсетеді. Мұндай ортада бала көңілді әрі қалыпты өсіп дамиды. Кейде толық отбасының өзі баланың дұрыс қалыптасуына негіз бола бермейді.

Балалар бірдей биологиялық, психологиялық заңдылық бойынша дамиды. Демек, отбасы өсіп келе жатқан тұлғаны қалыптастырады немесе бұзады, оның мүшелерінің психикалық денсаулығының нығайып немесе нашарлауы отбасы билігінде. Отбасы қауіпсіздік, бақыт, өзін қалыптасты-руды құрылымдаушы. Идентификацияның шекарасын көрсетіп, тұлғада “Мен” бейнесінің пайда болуын қамтамасыз етеді.

Баланың отбасынан қашықтап, оның ықпалынан сырт қалуының психикасына әсерін Т.В.Лодкина, А.И.Захаров, В.С.Мухина, Е.О. Смирнова-лар атап көрсеткен. А.Н.Леонтьев, С.А.Козлова, балаға отбасы жылулығының әсерін атап өткен. Жақын адамдардың әсерін баланың алдымен сезініп, түйсінуі және сөз түрінде бейнелеуінің маңызын А.В.Запорожец, А.Д.Кошелева және т.б. белгілеген. Отбасы тәрбиесінің терең эмоциялы сипатын, қаны бір адамдар арасындағы сүйіспеншілік қарым-қатынасын ата-ана мен баланы жақындатуының маңызын Ю.П.Азарова, И.В.Гребенников, Т.А.Маркова, А.Г.Харчев т.б. белгіленген. Қазіргі заман отбасыларының дефектілерін

«неблагополучные» дейді. Екінші некенің бала тәрбиесіне, дамуына теріс әсерін Е.П.Арнаутова, А.И.Захарова, Е.И.Кульчицкая т.б. Жалғыз бала тәрбиесі туралы А.П.Усова, егіздер тәрбиесін Р. Скиннер, К. Витек т.б. зерттеген. Бала психикасының қалыптасуына ананың әсерін психотерапевт А.И. Захарова, психолог Д.Б.Эльконин, А.Я.Варга т.б. зерттеген.

Ата-ана тәрбиесіне қатысты тәлім-тәрбиелік идеялар қазақтың халық педагогикасында Қорқыт ата кітабында, Әбу Насыр әл-Фараби еңбектерінде, Жүсіп Баласағұни, Сайф Сараи шығармаларында, хандық дәуірдегі ақын-жыраулар мұраларында, Ы. Алтынсарин еңбектерінде, Абай Құнанбаев, А.Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев мұраларынан да елеулі орын алғанымен әлі толық зерттеле қойған жоқ. Кейінгі кездерде отбасы тәрбиесіне қатысты Х. Аргынбаев, Г. Уманов, К. Оразбекова, Ж. Қолжабаев, З.Әбілова т.б. еңбектері бар.

Ата-ана-алғашқы тәрбиеші балаға ең үлкен әсер етушілер. Ж.Ж.Руссо: “Балаға соңғы тәрбиешінің әсерінен гөрі алдыңғысынікі көбірек”, -деп тұжырымдаған.

Отбасылық қатынастың ерекшеліктерін А.И.Захаров, А.С.Спиваковская, А.Я.Варга, Э.Г.Эйдемиллер, Ю.Гиппенрейтер, М.Буинов, З.Матейчик, Г.Хаментасускас, А.Фром, Р.Снайдер, т.б. ғалымдар зерттеген.

А.Е.Личко отбасылық қарым-қатынас мәселесін зерттей келе отбасындағы жайсыз жағдайларды көрсетті. (гиперопека, қараусыздық, “отбасы пірі”, жетім қыз” жағдайы).

Отбасы бала үшін-адамдармен қатынас жасаудың мектебі. Ата-ана мен бала қатынасы ғасырлардың өзекті мәселесі болып саналады және әрі қарай жалғаса береді. Бұл мәселені шешуде отбасындағы ата-ана мен бала қатынасы, олардың өзара әрекеттестігін зерттеу маңызды.

Кеңес психологиясындағы зерттеулерде (А.Н.Леонтьев, В.Бешсреі. Н.Н.Обозова, А.С.Спиваковской және т.б.) отбасындағы психологиялық жағдай екі факторлық типтен құралады.

Біріншісі, ата-аналардың балаға қатынасы, ата-аналар арасындағы қатынас, ата-аналардың жеке қасиеттері, отбасының басқа мүшелерімен қатынасы.

Екіншісі-отбасындағы материалдық жағдай, тұтын үй жағдайы, отбасы құрылымы. Екінші фактор типі өзінше баланы тәрбиелеуде әсер етеді, бірақ шешуші болып саналмайды. Барлығынан бұрын отбасыдағы басты тәрбиелеуші күш ата-ана мен бала қатынасынан анықталады. Ол атынастар жағымды және жағымсыз болуы мүмкін.

Отбасының психологиялық типін анықтауда зерттеулерге Э.Арутюняннің “Отбасының педагогикалық потенциалы және жастардың әлеуметтік инфантилизм мәселесі” атты еңбегін атауға болады. Оның ойынша отбасылық қатынастың 3 варианты бар дейді: дәстүрлік, детоорталық, және жұбайлық.

Дәстүрлі отбасыда өзінен үлкендерді сыйлау тәрбиеленеді, сондықтан педагогикалық әрекет жоғарыдан темен көрсетіледі. Негізгі міндет бағыну.

Нәтижесінде бұндай жағдайдағы баланың әлеуметтену қабілеті жеңіл көлденең-ұйымдастырылған қоғамдық құрылымға кіреді. Бұндай отбасыдағы балалар дәстүрлік нормаларды жылдам меңгереді, бірақ өзінің отбасысын құрғанда қиындық кездеседі. Олар инициативасыз, қарым-қатынаста икемсіз әрекет етеді.

Детоорталық отбасында ата-аналық басты міндет болып "баланың бақытын" қамтамасыз ету. Отбасы бала үшін ғана тіршілік жасайды. Әрекеттестік төменнен жоғары қарай құрылады (баладан ата-анасына).

Баланың және ата-аналық симбиоз қалыптасады. Нәтижесінде балада өзін-өзі бағалаудың жоғары деңгейі қалыптасады, бірақ отбасыдан тыс жерде шиеленіс жағдайы күшейеді. Сондықтан да мұндай отбасыдан шыққан бала өмірді өшпенділікпен бағалайды.

Жұбайлық (демократиялық) отбасының мақсаты-отбасы мүшелерінің арасындағы өзара түсінісу. Тәрбиелеу әрекеті жазықтық тең көзқараспен қарау: ата-ана және бала. Отбасы әрқашанда, бала өскен сайын өзара қызығушылық арта түседі. Бұндай тәрбиелеудің нәтижесінде бала демократиялық құндылықтарды, құқықтарын және міндеттерін, еркіндікті, белсенділікті, жауапкершілігі дамып, өз бетінше тірлік жасауға бейімделген, қайырымды, өзіне сенімділікті, эмоциялық тұрақтылықты меңгереді. Сонымен қатар бұндай балалардың әлеуметтік талаптарға бағыну дағдысы жоғалады.

Көптеген зерттеулерде баланың дамуы қоғамдық тарихи тәжірибені менгеру формасында өтеді деп қарастырылады. Баланың психикалық дамуының басты шарты ересектермен қарым-қатынасы болып табылады (Л.С.Выготский, А.В.Запорожец, Д.В.Эльконин, М.И.Лисина).

Мазмұнды қарым-қатынастың шектелуі ата-анасы тым шектен тыс қадағалаған және суық қатынаста болған балаларда кездеседі. Бұл кезде балада оқшаулану, сенімсіздік, ересектерге деген негативизм және тұйықты-лық байқалады.

Ата-ана баламен теңі ретінде, сыйлауға тұрарлықтай адам ретінде қатынаста болу керек. Егер де бала жазалауға тұрарлықтай теріс қылық жасағанның өзінде де баланың өзінің көзқарасында болуына құқығы бар, баламен қатынаста өзіндікі дұрыс деп ойлағанның өзінде де өзіне баланың көзқарасымен қарауға тырысу керек.

Психологияда баланы тәрбиелеуде ең үлкен жаза-ата-ана балаға немқұрайлы суық қарауы.

Американ белгілі қоғам қайраткері, балалар дәрігері Т.Скок: "баланың тәртіптілігінің негізі-ата-анаға деген махаббаты"-дейді.

Егер ата-ана баланы ұрып соғатын болса, олардың арасында жақсы қатынас, сүйіспеншілік, түсінушілік, құрметтеу болмайды. Соғу, ұру арқылы ор уақытта да езінің тілегі орындала берсе, тәрбиені мақсатына жетті деп айтуға болмайды. Жазалаушылық баланың ата-анаға деген сенімін кетірумен қатар, бір-бірімен қарым-қатынасына да зиян келтіреді.

Венгрия психологтары И.Раншбург пен П.Поппер «Секреты личности» деген кітаптарында: "баланы жазалау, ұру ата-ана махаббатына, үлкен зиян келтіреді, дегенмен де оның нәтижесі де болуы мүмкін, егер де ең басты деген екі мәселені ескерсе: бала қандай болса да іс-әрекетті жасау барысында, ата-ананы сую барысында, жазалау оның тек бүкіл жеке басына емес, істеген ісіне ғана екенін түсінер болса,-дейді.

И.Раншбург пен П.Поппер жазалау арқылы бала жазалаушы талабымен есептеспеуі мүмкін, сондай-ақ жазалау баланы кеміту, қорқақ ету, екінші біреуге бағыныштылық қалыптастыру арқылы ата-анасына агрессивті қарсылық көрсетуге апарып соғуы мүмкін деген пікірді айтады.

Тәрбиедегі қарапайым қателердің бірі-ата-аналардың баланың әр-түрлі темпераменттік іс-әрекетіне шыдамсыздықпен қарауы көп жағдайларда ата-аналар баласының жалқаулығы мен жат қимыл-әрекеттері жөнінде шағым жасайды. Мұндай шағымдар негізінен анасының динамикалық күші мен жүйке жүйелерінің қабылдауынан, егер де, әкесінің флегматик, жалқаулық темперамент арқылы тұқым қуаласа, ал анасының әр уақытта да жүйесіне әсер етуі мүмкін.

Көптеген ата-аналарда тәрбиені толық береміз деген қателесушілік кездеседі немесе бала табиғатынан, жаратылысынан солай болады деп қараушылық бар. Бала туғанынан жалқау, ашушаң, ренжігіш, тілазар, - дейді. Бір отбасында немесе екіншісі отбасында бала басқаша болып өсуі мүмкін. Бір бала еңбекқор, салмақты, екіншісі алаңдағыш кітап оқуға, сабаққа зеріксіз, қалжыңбас, қайырымды, ал екіншісі тек өзін ғана ойлайды.

Ата-ана өз баласының мінез-құлқының қалыптасуын жас кезінен бастап-ақ байқайды, олардың жеке басы мен мінез-құлқының дамуы өз әрекеттерінен екенін де біледі. Бұл пікірді қуаттауға болмайды, қазіргі ғылым еңбекқорлық тұқым қуалау мен менмендік тұқымқуалауды анықтаған жоқ. Алайда баланы отбасыда қалай тәрбиелесе де олардың қатынасы өмірде өзгереді.

Бір баланы әкесі тәрбиелесе, екіншісін анасы, бірінші бала отбасының тұтқасы болса, екінші баланы ата-ана өздері тәрбиелейді. Ол келешекте толық жетіліп өседі. Кейде керісінше де болады.

Демек баланың мінез-құлқы ерте қалыптасады, оның дамуы ата-ана мен баланың, бала мен достарының қатынасы арқылы анықталады. Сонымен қатар олардың өздерінің жеке ерекшеліктерімен бір-бірінің қарым-қатынасын байқауға болады.

Адам екінші бір адамның әсерінсіз өмір сүре алмайды, ол тек биологиялық жағынан ғана емес, ол көпшілік, тек көпшілікке бейім. Ол ата-анасының махаббатын қажет етіп қапа қоймайды, өзінің құрдастарының да көңіл бөлуін және көптеген адамдармен қатынас жасауды қажет етеді.

Х.Штелц: "Егер ата-ана басқа баламен баласының достық қатынасын қажет етпесе, ол өзін байсалды ұстауға тиіс, егер де бұл достықты пайдалы деп санаса, оны барлық жағынан қолдауға тиіс",-дейді.

Отбасының дұрыс тәрбиесін байқаған бала ата-ананың пікірімен санасып өзінің тәртібін де қадағалайды. Кей жағдайда бала өзінен тығылып, жақтырмаған мінезін айтпай, бұғып қалушылық та байқалады. Мысалы, оның достары өздерін әрқашан да дұрыс деп санап ол туралы сын айтпайды. Баланы бір-біріне көмектесуге, бір-біріне шындықты айтуда ата-ана балаға дұрыс бағыт беріп отыруы тиіс. Кейбір ата-аналар баласының достарының көп екендігіне, достарының сыйлайтынына, жақсы оқитынына, көп білетіндігіне, бір сөзбен айтқанда өзінің қатарластарының алдында беделі барлығына мәз болады. Мұндай жағдайда бала анасы мен әкесінің түсінуін іздейді. Ата-анаға баланың иек артуы бала үшін өте зиянды.

Ата-ана баланың тәрбиесіне тең дәрежеде қарауы керек, тіпті бір бала анасына, екіншісі әкесіне бейім болған жағдайларда да. Анасы мен әкесі әр уақытта да баланын отбасынан тыс та дос табуын нұсқап, басшылық жасап отыруы тиіс. Сонда ғана бала толық бақытты бола алады.

Кей жағдайда ата-анаға баласының достарының ұнамауы да мүмкін, олардың достықтарын зиянды деп есептеулері де мүмкін. Көп жағдайда бұл пікір дұрыс та бірақ, бірақ оларға тиым салуға болмайды. "Оны бұл үйден бұдан кейін көрмейтін болайын!", "Ол саған керек адам емес" деген тыйым салушылық та кездеседі.

Отбасы жасөспірімдерге коммуникативті дағдыларды қалыптастыруда, олардың ішінен келісім, өзара түсіністік, бірінің екіншісіне бойсынуы, бірінің екіншісін құптауы сенімді қарым-қатынасының қазіргі кездегі басты ерекшелігі әр тұлғаның мейлі балалары, мейлі ересектері болсын, мағлұмат байлығы (информационное богатство) болып, өзара қарым-қатынас осы мағлұмат алмасу кезінде өте тығыз орнығыуы ықтимал. Өзара мағлұмат алмасу отбасы мүшелерінің рухани кемелденуіне алып келсе, мұндай отбасының болашағы бар.

Отбасы мүшелеріне қарым-қатынас арқылы біріктіретін, өзара туысқандық байланыстарын нығайта түсетін аса маңызды сфера мақсаты. Отбасын материалдық қамсыздандыру мақсатындағы бірлесіп еңбек ету, нәтижесіне ортақтасу, бөлісу. Мұндай қарым-қатынас алдымен, отбасы иелері әке мен шеше ортасында түсіністікпен орнаса, соның өзі балаларға өнеге болатыны өмірден белгілі. Бұдан басқа әке мен ұл анасы мен қызы, бір туғандардың бірлесіп, бір мақсатта еңбектенуі өзара түсіністікті нығайтатын аса маңызды қарым-қатынас екені педагог, психолог ғалымдар тарапынан дәлелденген.

Қарым-қатынас барысындағы біреудің екінші бір адамға әсерін, не болмаса өзара қарым-қатынас нәтижесіндегі сипатта болғанымен, ішкі тетіктері (механизмдері) адамның психикалық ахуалына, сезімі, ой-санасына, қылық жорығы, жүріс-тұрысына тікелей, жанама, сөз арқылы әсер ету болып саналады.

Жоғарыда айтылып кеткендей отбасындағы, бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынас түрін қарастырамыз. Яғни жас ерекшелік жағынан жеткіншек пен ата-ана арасындағы қарым-қатынас.

Жеткіншек жас кезеңі адам тұлғасының қалыптасуында маңызды кезең болып табылады. Дәстүрлі түрде бұл кезең тәрбиелік қатынасқа қиындықтар тудырытын кезең болып табылады. Ғылыми білімдер жүйесінде жеткіншектерді зерттеумен байланысты мәселелер кешеніне көп көңіл бөлінеді, мәселелер әртүрлі деңгейде және мазмұнда болады. Осы жас кезеңдегі даму көздері, жағдайлары және механизмдерін танып білу тұтастай дамудағы онтогенетикалық заңдылықтарды ашуға негіз бола алады.

Қазіргі кездегі зерттеулер жеткіншектік жастың ерекшеліктері мен қасиеттері жайлы үлкен материалдар жинақталды, ол өз кезегінде осы маңызды психикалық кезеңнің ерекшеліктерін қазіргі қоғамның жағдайларында зерттеуге қажетті базаның пайда болуына ықпал етті. Мәдениеттің нақты-әлеуметтік шарттарына, дәстүрлеріне сәйкес бұл өтпелі кезең әртүрлі мазмұнда әрі, әртүрлі ұзақтықта орындалуы мүмкін. Қазіргі таңдағы қоғам жағдайларына сәйкес бұл кезең шамамен 10-11 жастан 14-15 жасқа дейінгі аралықты қамтиды. Жалпы, балалардың мектептегі орта буында оқуымен сәйкес келеді.

Жеткіншектік жас кезеңнің психологиясы тақырыбы әрдайым өзекті болып табылады. Бірақ жеткіншектердің әрбір ұрпағы осы кезеңді басынан өткізеді және де қоғам дамуының тарихи жағдайларына сәйкес өз мәселелерін өз бетінше орындауға тырысады.

Жеткіншектік кезеңді М. Мұқанов баланың дамуындағы ерекше орны бар «өтпелі», «бетбұрыс», «киіш», «сыналатын» кезең деген атауларында бейнеленген деп көрсетті. Бұл атауларда осы жастарда болатын, өмірдің бір дәуірінен екіншісіне өтумен байланысты даму процестерінің күрделілігі мен маңыздылығы айтылған.

Біз жеткіншектің «мен» деген қасиетін жете түсіну үшін оның коммуникативті дағдыларының болуы, әсіресе екі ортада кездесетін қайшылықтарына тоқталсақ. Қайшылық жеткіншектің есейіп қалуы мен үлкендердің оған бала деп қарауының келіспеушілігінен болған. Ал қайшылықтың нәтижесінде сол жағдайдан қалай құтылуды білмеуді дағдарыс дейміз. Дағдарыстың жеткіншек жасындағы бұл түрі бөбектердің дағдарыс кезеңінен әлдеқайда басым болады. Дағдарыс дегеннің мағынасы қиын жағдайда тап болған кезді одан қалай шығуын білмеуді білдіреді.

А.Г.Ковалев дағдарыс кезі жеткіншектің жасына орай келмейді, онымен үлкендер арасындағы қатынастың бұзылуынан пайда болды дейді. Осылай деу дағдарыс кезі жеткіншекте тіпті кездеспей, ол сергелденге ұшырамауы мүмкін. Демек, жеткіншектің коммуникативті дағдылары болса, онда дағдарыс кезі кездеспейді. Осы пікірге түгелдей қосылу қиын: біріншіден, дағдарысқа ұшырайтын үлкендер емес, жеткіншектің өзі. Екіншіден дағдарыс үлкендердің оған қатынасына риза болмаудан кездесе де, мұның өзі тек 11-16 жас арасында

болып отыр. Егер А.Г.Ковалевтың айтқаны дұрыс болса, дағдарысқа ұшырау 7-10 немесе 16-18 жастарда да кездесуі ықтимал болар еді.

Жеткіншек үлкендерден өзінің есейгенімен, өзбетілігімен санасуын әр сала бойынша талап етеді. Қыздар киім киюде, не өзін күтуде, ұл бала тиісті міндеттерді өз еркімен орындағысы келеді. Осыған әуелгі кезде туған туысқандары қарсы шығады. Бұлардың қарсы шығатын себебі, баласына сенім білдіргісі келмегенен емес, оны «бала» деп бәлендей істі не тапсырманы бүлдіріп алады ғой деуінен. Бірақ жеткіншек осыған түсінбей «мені бала деп сенбей отыр», - дейді. Егер осындай қатынас көп созылса, жеткіншек пен үлкен адамдар арасында түсінбеушілік туып, бала ызаланып, ерегесуге, не негативті халде болып, үлкендер не айтса да соны орындамауға тырысады.

Екі арадағы қайшылықты кім жеңеді деугенде, жеткіншектің талабы жана болғандықтан, сол жеңеді деуге болады. Осындай екі арадағы түсінбеушілікті неміс психологы К. Левин «ойлық бөгет» деп атаған. Мұны солай деуінің себебі жеткіншек пен үлкендер арасында түсінбеушілік болып, бөгет салынған сон, енді үлкендердің сөзіне құлақ аспайды. Сондықтан жеткіншекке тіл алдыру үшін алдымен сол бөгетті жою керек, ал бөгетті жою оңай емес.

Жеткіншектің үлкендерді түсінбеуі, кейін оны жан-жалға, не сергелденге апарып соғады. Мұндай оқиғалар, әсіресе қалалық жерлердегі семьяларда жиі кездеседі. Көпшілік жұрттың мақсата үлкендердің абыройын төкпей, тіпті осылардың өзі жауапты болғанда да, қайткенде де арашалау болып табылады.

Бала ересектермен қарым-қатынастың белгілі бір кезеңінде жағымды эмоциялық қатынаста тапшылықты сезінсе немесе осындай қатынаста қандай да, бір ауытқулар байқалса, оның дамуында тежеушілік пайда болады. Бұл Н.М.Аксаринаның, Е.К.Когбериннің т.б. зерттеулерінде дәлелденді.

Жеткіншекте ересектер тобына өтуге және үлкендердің балаларда жок кейбір артықшылықтармен пайдалануға деген ұмтылысы болады. Алайда ересектер оны әлі қабылдамағандықтан ол топтар арасындағы жағдайда болып шығады. Қиыншылықтардың деңгейі мен талас-тартыстардың болуы Левин қоғамда балалар тобы мен ересектер тобының қатаң бөлінуіне және жеткіншектер топтарының аралығындағы жағдайда болатын кезеңнің ұзақтығына байланысты етіп қояды. Левиннің жеткіншектің «өз орнын таппауы» туралы идеясын қазіргі уақытта Д.Коулмен және басқа шетел психологтары дамытуда. Олар жеткіншектердің ерекше бір «суб мәдениеті» бар дегенді, яғни ересектер қоғамында жеткіншектер қоғамы бар дегенді айтады. Информацияның орасан зор тасқыны, көптеген ата-аналардың бос уақытының аздығы және осының мүмкін салдары ретінде балалардың дербестіке ерте жетуі, жолдастармен қарым-қатынастың жедел дамуы мен жыныстық толысудың акселерациясы.

Жеткіншектердің ересектігінің дамуындағы жалпы бағыт әр-түрлі және әрбір бағыттың көптеген түрлері болуы мүмкін. Мәселен, қайсыбір «интеллектуал» үшін өмірде ең басты кітап пен білім болады, қалғанының бәрін



де ол әлі «нәресте» десе енді бір нағыз «интеллектуал» үйде электроника туралы мақалаларды оқып, радиотехникамен әуестенсе де, сабақты түк бітпемейді, модадан қалып қоймаумен төтенше шұғылданып, өмірдің мәнінен бастап ең шебер шаштараз туралы мәселеге дейінгі барлық жайлар жөнінде әңгімелесуге болатын ересек жасөспірімдермен сөйлескенді артық көреді: үшінші бір «интеллектуалды» ересектің сыртқы көріністері онша қызықтырмайды, бірақ ол шешесінің сүйеніші, өзін ерлік қасиеттерге тәрбиелейді, ал қыздарға келгенде, осы қыздардың пікірінше, өзін балаша ұстайды, галстугін тартқылап, шаштарын ұйпалап кетеді. Бір өлшем ұқсас осы үш вариантта ересектіктің дамуы әр қилы болады да, бұл орайда мазмұны әр түрлі өмірлік игіліктер қалыптасады: біреу үшін маңыздылық енді бірге құны жоқ. Жеткіншектік кезеннің маңыздылығы адамның жеке басының моральдық және әлеуметтік негіздері қолданады және олардың қалыптасуының жалпы бағыты белгіленеді. Жасөспірімдік шақта олардың қалыптасуы жалғасады.

Жеткіншек бұрын ынталана орындайтын талаптарға қарсыласа бастайды; өзінің дербестігін тежегенге және жалпы алғанда «кішкентай бала сенімді» қамқорлық жасап, бағып-қаққанға, тіл алуды талап етіп, жазалағанға оның мүдделерімен, көзқарастарымен, пікірімен санаспағанға, т.б. ренжіп, қарсылық көрсетеді.

Отбасылық тәрбие стилінің бала табиғатының дамуына әсері туралы сөз қозғағанда бала тәрбиесіне қатысты ата-аналардың үш типі ажаратылады:

Бірінші-авторитарлы-диктаторлық.

Екінші-әсіресе қамқорлық (гиперопека).

Үшінші-либералды демократиялық.

1. Авторитарлы-диктаторлық. Бұл отбасылық тәрбие типі бала дамуына өте жағымсыз болып табылады. Бұл жерде балаға деген авторитарлы көзқарас, яғни, бала қызығуларымен құндылықтары және оның тұлғалық ерекшеліктері есепке алынбайды. Баланы әлеуметтік бейімсіз, әлсіз тұлға ретінде қарау бала тұлғасының шығармашылық дамуындағы ең басты кедергі болып табылады. Мұндай балалар үшін егер отбасында ата-анасының сүйіктісіне айналған басқа да іні-қарындастары болуы жағдайды қиындата түседі. Ата-аналар өздері тарапынан бала жүріс-тұрысын үнемі қадағалап, жазалау шарасына көбірек жүгінеді.

Мұндай тәрбие типінің салдарынан баланың невроздан ауытқуларға шалдығуы мүмкін. Зерттеулер кезінде қоғамдық тәртіп бұзушы жасөспірімдер арасында ата-анасы тарапынан агрессивті қатынас зардабын жиі шеккендер өте көп екені анықталғын. Америка психологы Н.Б.Бенер. Бала тәрбиесіндегі стилді бала бойында шығармашылық қабілетті тұншықтыруды невротикалық бұзулар, дербессіздік, әлеуметтік мешелдік, жеке өзіне деген максималды агрессиялық көзқарас қалыптасатындығы анықталды.

Сонымен балаға әкеден гөрі ана тәрбиесінің ықпалы басым болады. Егер анасы өз баласының табиғатын жоққа шығарып және оны балаға авторитарлық

жолмен көрсетіп отырса, бала бойында өзін шарасыз қабылдау, ешкімге керегі жоғын сезіну қалыптасады. Мұнда қыздарға қарағанда ұлдардың ана бағалауына өте сезімтал келетінін байқауға болады. Келесі маңызды мәселе егер отбасында анасы авторитарлы тұлға болса, балалары әке ролін мойындамайды. Олар әкесіне шешесі көзқарасымен қарап, бағалауға бейім болады.

Қыз балалар тәрбиесінде керісінше қатал авторитарлы әкені қабылдамайды. Мұндай отбасында қайшылықтың тенденциялары қалыптасады.

II. Әсіресе, қамқорлық. Бұл тәрбиенің басты белгісі отбасы өмірінде бала тәрбиесіне шектен тыс көңіл бөлу. Бала тәрбиесін назарда ұстайтын ата-аналар қатынасына жатады. Бұл тәрбие екі түрде көрініс беруі мүмкін. Басымдылық және қамқорлық тәрбиеде баланың әр қадамына бақылау жасау ойлары мен идеяларына деген қатаң талап, тыйымдар мен бақылаулар айқын орын алады.

А.Я.Варга зерттеулерінде мұндай тәрбиенің авторлы бақылаулардан өзгесі баламен жағымды өте жақын қарым-қатынаста болатынын анықтаған. Бұл баланың шығармашылық дамуына біршама жағымды әсер етеді.

Егер бала қажеттілігі мен ата-ана мүмкіндіктерінің арасында қайшылық көбейген жағдайда субъективті жағымсыз болып есептелінеді. Н.В.Беккер мұндай тәрбиенің салдары бала тұлғасында тәуелді, шабытты, бағынушылық ережелерді қатаң сақтау, көнбістік тағы басқа қасиеттер қалыптасатынын анықтады. Авторитарлы, симбиотикалық қатынас аналар жағынан тәрбие барысында мейірімділік, кішілік, тәуелділік қалыптастырады. Мұндай типті тәрбие көбінесе ұлдарға көп әсер етеді. Жұмсақтық әлемге тән қаттылық ер адамдарға тән қасиетпен қарастырсақ, авторитарлы, симбиотикалық ана баласын өзіне жақындата отырып, оның табиғатын тежейді. Нәтижесінде мұндай ер балаларда әйел адамға тән нәзіктік қалыптасады.

III. Либералды-демократиялық. Тәрбие стилінде бала ата-ананың басты назарында болады және қажеттіліктерінің барлығы дерлік максималды деңгейде қанағаттандырылады. Мұндай ата-аналар балаларын кез-келген қиындықтар мен сәтсіздіктерден қорғау және баласы үшін өздері өмір сүреді.

Отбасылық тәрбие стилінің мұндай түріне баладан стимулдық пен жауапкершіліктің төмендігін, ата-ана және бала қарым-қатынасындағы өзара серіктестігінің болмауы және баламен шектен тыс жақындыққа ұмтылу байқалады. Бұл бала бойындағы шығармашылық пен дербес ойлау дағдыларын басып отырады.

Коммуникативті дағдыларды қалыптастыру үрдісі адамгершілік және гуманизм қағидаларына негізделген. Отбасының педагогикалық үрдісінде дұрыс ұйымдастырылған ара-қатынастар балалардың көзқарастарының дамуына, мінез-құлықтарына, балалардың басқа адамдармен арала-суына әсері зор.

Көптеген ата-аналар бала тәрбиесіне уақыттарының жетіспеушілігін қазіргі әлеуметтік-экономикалық, нарықты жағдайларға байланыстырып, өз

балалардың адамгершілік мінез-құлықтары үшін жауапкершілікті мектепке ғана жүктегенді қалайды.

Кейбір ата-аналар бала тәрбиесіне уақыттарының жетіспеушілікті мектепке ғана жүктегенді қалайды. Кейбір ата-аналар бала тәрбиесіне уақыт жеткіліксіз деп жұмыстың қиындап кетулерінен шаршағандарын себеп етіп тұрса да, адамзат тарихында олардан да көбірек қоғам үшін қызмет ете отырып, өз балаларының тәрбиесіне аса көп көңіл бөле алған белгілі қайраткерлер мысалдары қаншама.

Түйіндеме келе, отбасында орныққан қарым-қатынас түрі мен қалыптарына сәйкес баланың тұлғалық қасиеттері қаланады. Бала әрқашан да ата-анадан жүрек жылуын, мейірімділікті қажет етеді, ол ата-ананы өмірдің тірегі санайды. Ал бала үшін ата-ана игілік жасаушы, айтушы болып табылады.

Отбасындағы ең басты іс-әрекет ол ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас. Қарым-қатынас-адамзат өмірінің аса маңызды және негізгі сферасы болып, соның нәтижесінде тұлғааралық байланыс орнығып, өзара мәміле қалыптасып дамиды. Қарым-қатынас дегеніміз өзара пікір алмасу, сезім әлемінде бірлесіп ләззат алу, қайғы, қуанышта ортақтас болу сенімді кең ауқымды эмоция спектрлерін қамтиды.

Қарым-қатынас барысында екі не бірнеше тұлға арасында рухани әлем және ой-пікір, сана-сезім, мінез-құлық, қылық-жорықтар, келісім, не өзара түсіністік тұрғысында, не болмаса қақтығыс, талас-тартыс, қарама-қайшылық тұрғысындағы мәміле үрдіс іске асады.

Отбасылық қарым-қатынаста оның осы функциялары толық орын алады. Егер тартыс-талас, қарама-қайшылық, түсінбеушілік басым болса отбасында балаға дұрыс тәрбие беру мүмкіндіктері төмендейді.

Қарым-қатынасы бұзылған отбасыларына психологиялық және психотерапиялық көмек көрсетуге көптеген психотехникалар пайдаланылады.

#### Әдебиеттер

1. Коляева М.В. Отбасын қолдау орталығы қызметкерлерінің әдістемелік құралы. – Шымкент, 2007. – 184.
2. Боуэн М. Теория семейных систем. М., 2005
3. Олифович Н.И., Зинкевич-Куземкина Т.А., Велента Т.Ф. Психология семейных кризисов. – СПб.: Речь, 2006. – 360.
4. Осипова А.А. Справочник психолога по работе в кризисных ситуациях. – Ростов н/Д: Феникс, 2005. – 315.
5. Ромек В.Г., Конторович В.А., Крукович Е.И. Психологическая помощь в кризисных ситуациях. – СПб.: Речь, 2005. – 256.
6. Черников А.В. Системная семейная терапия: Интегративная модель диагностики. М., 2001.
7. Никифоров Г.С., Дмитриева М.А., Снетков В.М. Практикум по психологии профессиональной деятельности и менеджмента. – СПб.: Издательство С.-Петербургского университета, 2001. – 240.
8. Николс М., Шварц Р. Семейная терапия. Концепции и методы. М., 2004.

**Халықаралық ғылыми-практикалық конференция  
«Қазақстандағы практикалық психологияның қалыптасу тарихы мен даму перспективасы»**

9. Фримен Д. Техники семейной психотерапии – СПб.: Питер, 2001. – 384.: (Серия «Практикум по психотерапии»).

10. Эволюция психотерапии. Том 1. Семейный портрет в интерьере: Семейная терапия. - М.: Независимая фирма «Класс», 1998.

29. Эйдемиллер Э.Г. Об этапах и механизмах патологизирующего семейного наследования // Психологическая газета №10 (36). 1998.

30. Варга А.Я. Семейные мифы в практике системной семейной психотерапии// Журнал практического психолога, №1-2, 2001.

Бұл мақалада авторлар баланың дамуындағы отбасыдағы қарым-қатынастың рөлін, ата-ананың рөлін, баланың отбасыдағы рөлін қарастыра отырған. Жалпы осы айтылған қарым-қатынастардың баланың психологиялық дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына тигізетін әсері қарастырылады.

В данной статье авторы рассматривают роль родителей в воспитании детей и роль взаимоотношения в семье. Воздействие этих взаимоотношения в психологической развитии ребенка и рассматривает формирование ребенка как личности.

This article examines the role of parents in children upbringing and the role of family relationships. The impact of these relationships in the psychological development of a child and considers the formation of the child as an individual.

## **К ВОПРОСУ ИЗУЧЕНИЯ ЭМОЦИЙ И ЭМОЦИОНАЛЬНОГО ИНТЕЛЛЕКТА ПОСРЕДСТВОМ ЭЭГ МЕТОДА**

*Толегенова А.А.,  
Джакупов М.С.,  
Наурузалина Д.Г.*

Современные концепции эмоционального интеллекта (ЭИ) отражают идею единства аффективных и интеллектуальных процессов. В широком смысле к ЭИ относят способности к опознанию, пониманию эмоций и управлению ими; имеются в виду, как собственные эмоции субъекта, так и эмоции других людей (Д.В. Люсин). Широко известно, что эмоциональные состояния и их регуляция имеют свои психофизиологические механизмы, соответственно, индивидуальные различия в эмоциональном интеллекте, как способности распознавать и контролировать эмоции, должны найти свое отражение в электрической активности мозга. Изучение психофизиологических механизмов регуляции эмоциональных процессов является наиболее актуальным для развития теоретической концепции эмоционального интеллекта с точки зрения единства аффективных и интеллектуальных процессов (Тихомиров, 1969; Джакупов, 1992).

В отечественной психологии аналогом термина «эмоциональный интеллект» можно считать понятие «эмоционального мышления», изучением которого занимался О.К. Тихомиров. Описывая специфику эмоционального мышления, он отмечал, что эмоциональные состояния включены в процесс решения задач [1]. По его мнению, с мыслительной деятельностью связаны все эмоциональные явления – аффекты, эмоции, чувства. Также О.К. Тихомиров совместно с коллегами выпустил коллективную монографию, где исследуются вопросы об эмоциональной регуляции мыслительной деятельности. Предпринята попытка рассмотреть соотношение познавательных и эмоциональных процессов в русле психологического системного анализа. В этой связи выделена роль эмоциональных процессов в целеобразовании и смыслообразовании, которые были изучены и систематизированы С.М. Джакуповым [2]. Согласно С.М. Джакупову эмоциональная регуляция осуществляется через интериоризацию общего фонда смыслообразования. Проблему взаимосвязи общения и мышления он рассматривает, с одной стороны, через призму системы смысловых значений, а с другой стороны, через призму системы смысловых образований [3; 4]. Особое место среди исследований, по мнению С.М. Джакупова, занимает проблема целеобразования в мыслительной деятельности человека, изучение которой позволяет вскрыть конкретные психологические механизмы регулятивной функции психики.

По его мнению, целеобразование в мыслительной деятельности является своеобразным эмпирическим индикатором динамической смысловой системы, воплотившей на уровне эмпирии принцип единства интеллекта и аффекта. В свою очередь, в качестве эмпирического индикатора самого процесса целеобразования в мыслительной деятельности выступают вербальные компоненты мышления, рассматриваемые в единой системе с интеллектуальными эмоциями. Важно отметить, что прогресс в изучении мышления состоял в реализации принципа «единства аффективных и интеллектуальных процессов», который дополнил анализ рассуждений вслух, анализом интеллектуальных эмоций, возникающих в процессе мыслительной деятельности [4].

Психофизиологами для индикации и диагностики эмоций используется анализ самоотчёта испытуемых, фиксацию выразительных движений, изменения результативности деятельности. В психофизиологии традиционно эмоции изучались в связи с показателями активности вегетативной нервной системы (ВНС) такими, как кожно-гальваническая реакция (КГР), электрокардиограмма (ЭКГ), плетизмограмма. Однако при всем уважении к вышеуказанному методу исследования, вегетативные показатели имеют ряд недостатков (Cacioppo J. T., Gardner W. L., 1999; Damasio A.S., 1998; Аракелов Г. Г., Шотт Е., 1998):